The background is a vibrant pink color, densely populated with numerous white, multi-pointed starburst patterns of varying sizes. Two thick, white, wavy lines curve across the top and bottom of the page, framing the central text. The overall aesthetic is bright, festive, and celebratory.

*Үстел үсті ойындары  
«Балапан» кіші тобы*

# «Сиқырлы домино»



**Мақсаты:** Балалардың зейінін суретке шоғырландырып, бейнелердің орналасу ретін анықтауға, бірдей бейнелерді табуға дағдыландырып, шапшаңдық қабілетін арттыру

**Көрнекілік:** Түрлі және ойынды жалғастыру үшін бірдей суреттері бар текше



**Шарты:** Берілген суреттері бар текшелерді үзбей бірдей суреттерді қатар беттестіру арқылы жалғастырылады. Ойынға бірнеше бала қатысады. Ойын ұзақтығы 10 минут.



# «Мозаика»



**Мақсаты:** Балалардың зейінін суретке шоғырландырып, бейнелердің орналасу ретін анықтауға дағдыландырып, шапшаңдық қабілетін арттыру

**Көрнекілік:** Түрлі пішінді ойықтары бар суреттер, пішіндердің бетін жабатын сәйкес бейнелер



**Шарты:** Түрлі пішінді ойықтары бар суреттердің бетін сәйкес бейнелермен жабу арқылы ойналады. Ойын балалардың қызығушылығына байланысты 10-15 минутқа созылады.



## «Қолымда не бар?»

**Мақсаты:** ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.

**Көрнекілік:** ұсақ тастар, жаңғақтар.




**Ойынның мазмұны:** Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату. Мысалы, үлкен және кіші тастар. Бала қолына қарамастан, сипап-сезу арқылы үлкен-кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды. Қалған балалар оның жауабынын дұрыстығын тексереді. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа өлшемдері бойынша жұмыс осылайша жүргізіледі



## «Өз үйінді тап»

**Ойынның мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.

**Ойынның құрал-жабдықтары:** түрлі-түсті дөңгелектер.



**Ойынның мазмұны:** Балаларға түрлі-тісті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.





# *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. @Zharar.kz
  2. @Balalaralemi.kz
  3. @Balakai.kz
- 